

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЖЕР ҚОРЫ**

**Орындағандар: Наманжанова С  
Сарсенғали Д**

**Жер** – Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурсы, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі;

Қазақстан Республикасының жер қоры 272,5 миллион гектар, оның шамамен 34 пайызы ауылшаруашылығына арналған жер құрамына және 43,9 пайызы босалқы қорға жатады. Жер қорының 81,6 пайызы ауылшаруашылық алқаптары, яғни, жайылым.

**Қазақстан Республикасының жер қоры дегеніміз** – мемлекет меншігіндегі, оның аумағын түгел қамтитын жер шарының құрылықтағы бір бөлігін айтамыз.

# ҚР жер санаттары

Жоғарыда көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 1 тарауының 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді:

1. ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер.
2. елді мекендердің ( қалалардың, ауылдың елді мекендердің) жері.
3. өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер.
4. ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы және тарихи мәдени мақсаттағы жер.
5. орман қорының жері.
6. су қорының жері.
7. босалқы жер.

□ **Бірінші санаттағы жер** – бұл біріңғай жер қорының ең бағалы (құнды) жер бөлігі, мұнда жер өндірістің басты құралы ретінде қызмет атқарады.

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер азаматтар мен заңды тұлғаларға (шаруашылық қажеттілігі кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және олардың бөлектеріне) товарлы ауыл шаруашылық өндірісі, қорғылыс ормандарды дамыту, ғылыми-зерттеу, тәжірибе және оқу мақсатары, қосылқы ауыл шаруашылығын жүргізу, бақ шаруашылығы, егіншілік және саяжай құрылысы үшін беріледі.

Бұл санаттағы жер құралына аш алқабы ретінде ауыл шаруашылық өнімдері өндіру үшін тікелей пайдаланатын, сондай-ақ ауыл шаруашылық алқаптары, шаруашылық жерін орындау жолдары, басқару және құрбалымдар, иеленген құрылыстар, су қоймалары ауыл шаруашылық қызметі үшін қажетті, жөніндегі басқа алқаптар (батпақ, бұталар, құмдар, жыралар және т.б.) жатады. Бұл санаттаға жердің ауыл шаруашылық келесі мәліметтермен сипаталады. Ауыл шаруашылық алқаптарының жалпы көлемінің егістік 18% . көп жылдық жеміс жидек көшеттері шамамен 0,05%, шабындық 2,7% , жайылым шамамен 76% - ін құрайды.

□ **Екінші санаттағы жер** – бұл қалаларды, поселкелерді және елді мекендерін дамыту үшін берілген жер учаскелерін ол елді мекендер көбі шегінде жататын барлық жерлер кіреді. Бұл санаттағы жер бірінші жер қорының жолы аудандығы үлестік салмағы шамамен 7,1% құрайды, бірақ тұрақты көлемінің тенденциясы бар. Соңғы 14 жыл ішінде бұл санаттағы жер көлемі 0,7% тен 1998 жылы 7,1% көбейген.

□ **Үшінші санаттағы жер** - Өнеркәсіп, транспорт, байланыс, қорғаныс және басқада ауыл шаруашылық қатысы атқару жерлер кәсіпорындар мекемелер және ұйымдар пайдаланатын мақсатына атқаруына сәйкес және оларды мақсаттарда жүзеге үшін беріледі. Бұл жерлер 6 % көбірек жерді иелейді және негізгі өнеркәсіптердің және басқада халық шаруашылық саларын дамыту және оранластыру үшін кеңестік базис қызмет атқарады.

□ **Төртінші санаттағы жер** – ерекше қорғаудағы табиғи аумақтар. Оған мемлекеттік табиғи қорықтар, ұлтық табиғи орман нарктирі, биосфералыққорықтар, ботаника бақтар, мемлекеттік қорықтар сондай-ақ табиғи ескерткіштер иеленген, басқада табиғи кешендер мен объектілер, экологиялық, тарихи-мәдени, рекреациялық-дәрілік міндет атқару үшін берілген жер учаскелері. Бұл жер жалпы ауданының, 0,3 % алып жатыр.

□ **Бесінші санаттағы жер** - бұл орман қоры жері жер қорының 4% құрайды. Жер қоры жерлеріне орманмен сондай-ақ орман бірақ орман шаруашылығы қажеттілігі үшін берілген жер учаскелері. Бұл санат ауыл шаруашылық алқаптарының жалпы ауданынан 0,7 % құрайды.


□ **Алтыншы санаттағы жер** - су қоры жерлері – су қоймалары аудандары (өзен, көл, су қоймалары, т.б.)гидротехникалық және басқа сц шаруашылық құрылымдары алып жатқан аумақ. Сондай-ақ – су қорғау өзен бойы жерлер жатады. Бұл жер қорының 0,3% құрайды.

□ **Жетінші санаттағы жер** - мемлекеттік босалқы жер – бірі кімде біреудің жер пайдалана және жеке меншіктілігіне берілмеген жерлер. Ол қорының 15 % алып жатады.

# Қазақстан Республикасының Жер қоры (санаттар бойынша)



## Ауылшаруашылық жерлер – 100,8 млн. га




Жалға алынған ауылшаруашылық жерлерін жеке меншікке сатып алу үшін жеңілдіктер ұсыну



## Меншік түрлері бойынша берілген ауылшаруашылық мақсаттағы жерлердің аумағы

2



# Жер пайдалану құқығының тарихы

1. **1990 жылғы 16 қарашада қабылданған Жер кодексіне** сәйкес, ауылшаруашылық мақсаттағы жерлер ҚР азаматтары мен шетел азаматтарына және заңды тұлғаларға уақытша пайдалану құқығымен жалға алу шарттары арқылы берілетін болған (**қысқа мерзімді – үш жылға дейін, ұзақ мерзімді – он жылға дейін**).
  2. **1995 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің Заңды күші бар «Жер туралы» Жарлығы бойынша** ауылшаруашылық мақсаттағы жерлер ҚР азаматтары мен шетел азаматтарына уақытша пайдалану құқығымен жалға алу шарттары арқылы берілетін болды (**қысқа мерзімді – үш жылға дейін, ұзақ мерзімді – 3-тен 99 жылға дейін**).
- Шетелдік жер пайдаланушыларға жер пайдалану құқығын беру келісімшартқа сәйкес, мемлекеттік заттай гранттарды қоспағанда, жер учаскесін жалдау шарты негізінде жүзеге асырылады.
3. **2001 жылдан бастап «Жер туралы» Заңға сәйкес**, ауылшаруашылық мақсаттағы жерлер шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға уақытша пайдалану құқығымен, жалға алу шарттары арқылы, қайта пайдалануға беру құқығынсыз **10 жылға** дейінгі мерзімге берілді, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына – **49 жылға** дейін (**қысқа мерзімді – 5 жылға дейін, ұзақ мерзімді – 5-тен 49 жылға дейін**).
  4. **2003 жылы** Үкіметтің 2003 жылғы 22 қазандағы № 1071 қаулысымен шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдік заңды тұлғалардың тауарлы ауылшаруашылық өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалану құқығында болуы мүмкін ауылшаруашылық мақсаттағы жер учаскелерінің бір әкімшілік аудан (қала) ішіндегі максималды көлемі бекітілген.
  5. **2011 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес**, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғалар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін тек **елу жылға дейінгі мерзімге** жалға алу құқығымен иелене алады.
  6. Көрсетілген норма **2015 жылғы 1 қаңтарға дейін қызмет етті**. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **2014 жылғы 29 желтоқсандағы ҚР Заңына сәйкес**, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғалар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін тек **жиырма бес жылға дейінгі мерзімге (10-нан 25 жылға дейін ұзартылды)** жалға алу құқығымен иелене алады.

*Анықтама: шетелдіктерге жалға беру мерзімі шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында 2014 жылғы 14 ақпандағы Президент тапсырмасын орындау аясында ұзартылды.*